

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы: балабақша және барлық білім ошақтарына арналған ұлттық құндылықтар жүйесі.

Қазақстан болашағы – білімді де тәрбиелі ұрпақ. Осы мақсатта ҚР Оқу-ағарту министрлігі «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын қабылдады.

Бағдарлама балабақшадан бастап мектеп пен колледжге дейінгі білім беру ұйымдарында жүйелі тәрбие жұмысын жүргізуге бағытталған. Оның басты мақсаты – жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарды дарытып, патриоттық рухты қалыптастыру, әділдік пен еңбекке баулу.

Бағдарламаның негізгі бағыттары

Бағдарлама тәрбиенің үштағанына сүйенеді:

Ұлттық бірегейлікті сақтау,

Қоғамға қызмет ету,

Экологиялық мәдениетті қалыптастыру.

Осы құндылықтар негізінде тәрбие жұмысы төмендегі бағыттармен жүргізіледі:

Тәуелсіздік пен отаншылдық;

Бірлік пен ынтымақ;

Әділдік пен жауапкершілік;

Заң мен тәртіп;

Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік;

Жасампаздық пен жанашылдық.

Айлық тәрбие тақырыптары

Бағдарламада әр ай белгілі бір құндылыққа арналады. Бұл жүйе балабақшада тәрбие сағаттарын, іс-шараларды жоспарлы түрде ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Қыркүйек – еңбекқорлық айы;

Қазан – тәуелсіздік айы;

Қараша – әділдік айы;

Желтоқсан – бірлік айы;

Басқа айларда да тақырыпқа сай іс-шаралар ұйымдастырылады.

Арнайы жобалар мен іс-шаралар

Бағдарлама аясында оқушылардың белсенділігін арттыратын және әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыратын жобалар енгізілген:

«Қамқор» – мейірімділік пен жанашырлыққа баулу;
«Шабыт» – шығармашылық пен өнерді дамыту;
«Еңбегі адал – жас өрен» – еңбекқорлыққа тәрбиелеу;
«Ұшқыр ой аланы» – ойлау қабілетін шыңдау;
«Smart Bala» – цифрлық сауаттылық пен инновацияға бағыттау.

Бағдарламаның маңызы

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы – ұрпақ тәрбиесін балабақшадан бастап жүйелеуге арналған кешенді құжат. Ол жас буынды әділ, еңбекқор, отансүйгіш, жауапкершілігі жоғары тұлға етіп қалыптастыруға ықпал етеді. Мұндай қадам елдің рухани жаңғыруына, ұлттық бірегейлікті сақтауға және бәсекеге қабілетті азамат тәрбиелеуге бағытталған.

Қазақстанның әрбір балабақшасы жүзеге асатын «Адал азамат» бағдарламасы – ел болашағына салынған инвестиция. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу арқылы қоғамда әділдік пен бірлікті, еңбексүйгіштік пен жанашылдықты орнықтыру – басты міндет.

Балаларға 1-қыркүйек күні – білім күні жайында түсінік беру. Өз туған елдеріне, жерлеріне, балабақшасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу мақсатында «Білімнің бастауы-балабақшада» тақырыбында ұйымдастырылған іс-әрекеті....

Бүгін күздің алғашқы күні. Бұл ата-аналар үшін де, балалар үшін де, тәрбиешілер үшін де өте қуанышты күндердің бірі. Жаз бойы демалған балалар өз жастарына лайықты білім алып, тәрбие алып жүр.

Білім мен тәрбиеге талпынған балапандар қанаттары қатая берсін!

Білім күні құтты болсын!

«Айгөлек+» жеке бөбекжайы





«Айгөлек» жеке бөбекжайы





Батыс Қазақстан облысы әкімдігі Батыс Қазақстан облысының әдістемелік орталығының директоры Г.Кубашева, Білім беру саласын дамытуға қосқан үлесі мен педагогикалық қызметтегі шығармашылық табыстары үшін Салимова Сағадат Сагинғалиевнаны Құрмет грамотасымен марапаттады.





"Бүгін – Қазақстан халқы тілдері күні. «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы – тіл», деген екен ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы. Балаларды ана тілінің қасиетін сезінуге, мәртебесін көтеруге баулып, танымдылық қабілетін арттыру. Тілді құрметтей білуге тәрбиелеу мақсатында мерекелік шараларымыз өтті...

“Адал азамат” бағдарламасы аясындағы, “Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру арқылы ата-ана мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту, оқу-тәрбие процесіндегі өзара қолдау мен түсіністікті арттыру мақсатында, “Адал азамат тәрбиелеудегі жауапты ата-ана, қолдаушы балабақша” тақырыбында «Айгөлек», «Айгөлек+», «Әлем-Нұр», «Рауза», «Рауза+» бөбекжайларымызда ата-аналар жиналыстары өтті.

Жиын барысында жаңа оқу жылына арналған жоспарлар таныстырылып, ата-аналармен ашық пікір алмасу жүргізілді, ата- ана комитеті сайланды.

«Айгөлек», «Әлем-Нұр» бөбекжайлары...



ЖШС «Иштаев Е.А» «Айгөлек»,
«Әлем-Нұр» жеке бөбекжайлары

ТАҚЫРЫБЫ:

**«АДАЛ АЗАМАТ
ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ЖАУАПТЫ
АТА-АНА, ҚОЛДАУШЫ
БАЛАБАҚША»**



«Рауза+» бөбекжайы...



«Айгөлек», «Айгөлек+», «Әлем-Нұр», «Рауза», «Рауза+» бөбекжайларымызда «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында, «Заманның ағымынан қалмай алға қарай ілесе беру керек» деген сөздерінің астарында қаншама мағына жатыр. Адамның қолы жетпеген жерге ойы жетеді. Балабақшада инновациялық білім беру мақсатында робототехниканы оқыту балалардың қызығушылығы мен ынтасын оятатын оқу ортасындағы қызықты әрі тәжірибелік жаттығуларды ұсына алатын бірегей оқу құралы ретінде ...

Робототехника- балалардың зерттеу дағдылары, шығармашылық ойлау, шешім қабылдау, проблеманы шешу, қарым-қатынас жасау және командада жұмыс істеу дағдылары сияқты танымдық, метатанымдық және әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру мақсатында сабақтар танылуда.

«Айгөлек» бөбекжайы



«Әлем-Нұр» бөбекжайы



«Ай» тобы «Алтын күз»



ЖШС «Айгөлек» жеке бөбекжайында, «Шабыт» желілік қауымдастығы мектепке дейінгі ұйымдары тәрбиеленушілері арасындағы "Бала дауысы" ән байқауының I кезеңін өткізді...





Бүгін ЖШС "Иштаев Е.А" бөбекжайларының арасында "Бала дауысы" ән байқауы өздрылды....

Бас жүлде "Айгөлек" бөбекжайының "Гүл" тобының тәрбиеленушісі Ибрагим Фатима.

I орын "Айгөлек+" бөбекжайының "Нұр" тобының тәрбиеленушілері (квинтет).

I орын "Рауза+" бөбекжайымыздың "Болашақ" тобының тәрбиеленушісі Салауат Мансур.

II орын "Рауза" бөбекжайымыздың "Балдырған" тобының тәрбиеленушісі Замирова Камила.

II орын "Айгөлек" бөбекжайының "Гүл" тобының тәрбиеленушілері (трио).

II орын "Әлем-Нұр" бөбекжайымыздың "Болашақ" тобының тәрбиеленушісі Бисенғазы Балауса.

III орын "Әлем-Нұр" бөбекжайымыздың "Болашақ" тобының тәрбиеленушілері (дуэт).

III орын "Рауза+" бөбекжайымыздың "Бөбек" тобының тәрбиеленушілері (муз.композиция).





"Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесін ұйымдастыру ерекшеліктері"
Қалалық мектепке дейінгі ұйым дене тәрбие нұсқаушыларына арналған семинар



Азаматұлы Нияз, Кенесова Медина «Мұқағали оқуларына», қатысып І-ІІ орындарға ие болды. «Абай оқуларына» Есжанова Еркеназ қатысып, І дәрежелі дипломмен марапатталды. Тулепберген Ерлен, Ерболат Әмина, Горький Айнәзік, Нұрбеков Нұрислам Жас суретшілерге арналған «Бояулар құпиясы Жаңа жыл» тақырыбында өткен байқауға қатысып І ші дәрежелі дипломдармен марапатталды. Тәрбиешілері де Алғыс хатпен марапатталды.





«Ай» тобы





